

Гидраттүзілудің ең кең таралған ингибиторы - **метанол**. Ыдыраңқы күйде газ ағынына енгізілген метанол су буларын жұтып, спиртті-сулы ерітіндіге айналдырады. Бұл гидраттың ыдырауына немесе оның түзілуінің алдын алуға жағдай жасайтын газдың шық нүктесін төмендетеді.

Спиртті-сулы ерітінді төменгі қату температурасын көрсетеді. Газ ағынымен әкетілген сұйық ерітінді арнайы тұндырғыштарға жиналады және атмосфераға үрленеді, яғни, қайтымсыз жоғалады.

Гликольдер — *этиленгликоль*, *диэтиленгликоль*, *триэтиленгликоль* — газдан жиналып, ылғалмен қаныққан соң сепараторларда бөлінеді және кейін регенерацияға ұшырайды.